

(например, труд). Здесь уместно отметить, что после четырех столетий церковного раскола Предстоятель Русской Православной Старообрядческой Церкви Митрополит Московский и всея Руси встречается с Президентом РФ, при том, что старообрядчество является непосредственным религиозным источником и носителем Русской идеи, имеющим фоновое идейное влияние на общество, в том числе и через художественную литературу.

Пусть книжная, литературная социализация относима прежде всего к старшему (советскому) поколению, в молодые годы которого печатные издания были основным носителем информации и средством массовой коммуникации, но к нему же относится и значительная часть современной политической элиты РФ. Однако и новые поколения политиков в РФ на уроке литературы испытывают примерно такую же социализацию, что и старшее поколение, то есть воспринимают латентную трансляцию Русской идеи, в том числе в школьные годы. С учетом этого можно утверждать, что социально-психологические основы и базовые тезисы Русской идеи не исчезли, а латентно транслируются от поколения к поколению через систему образования с тех пор, как школьное образование стало сплошным, то есть с 1920-х годов. За пределами школы она воплощена в городской топонимике (названия улиц и площадей во многих городах носят имена писателей и революционеров, сторонников Русской идеи).

В постсоветских странах ситуация иная: переход системы школьного образования на язык титульной нации, конечно, влечет за собой смену содержания урока литературы в школе и укрепление ценностей своей культуры.

Примечание: Исследование выполнено за счет гранта Российского научного фонда № 25-28-02982.

Список литературы

1. Бердяев Н. А. Истоки и смысл русского коммунизма. – Москва: Издательство Юрайт, 2025. – 178 с.
2. Саркисянц М. Россия и мессианизм: к «русской идее» Н.А. Бердяева / Пер. с нем. А. Пименова. – Санкт-Петербург: Изд-во С.-Петерб. ун-та, 2005. – 270 с.
3. Sarkisyanz E. Russland und der Messianismus des Orients: Sendungsbewusstsein und politischer Chiliasmus des Ostens. – Tübingen: Mohr, 1955. – XII, 419 S.

УДК: 140.8

ПОСТАНТРОПОЦЕНТРИЗМ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ АНТРОПОЛОГИЯ

Ғабитов Т.Х.

философия ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби ат. ҚазҰУ философия кафедрасының профессоры, Алматы, Қазақстан
e-mail: tursungabitov@mail.ru

XXI ғасыр мәдени антропология ғылымында жаңа онтологиялық парадигмалардың қалыптасуымен ерекшеленіп отыр. Бұл бетбұрыс адамды тек биологиялық немесе әлеуметтік агент ретінде қарастыратын дәстүрлі түсініктердің шектеулігін айғақтап, оны цифрлық технологиялармен, алгоритмдермен және жасанды интеллектпен тығыз байланыстағы кешенді, гибридік болмыс ретінде ұғынуға итермеледі. Адам енді жекеленген субъект емес, күрделі техносеміотикалық кеңістіктегі деректер ағынымен әрекеттесетін метаагентке айналуға. Осы контексте цифрлық антропология – адам мен мәдениеттің ақпараттық, цифрлық және виртуалды кеңістіктердегі репрезентациясын зерттейтін дербес ғылыми бағыт ретінде бой көтерді [1].

Ол интернет платформалар, метаверс, нейрондық желілер және әлеуметтік медиа арқылы қалыптасатын жаңа мәдени тәжірибелерді зерттейді.

Бұл бағыт постгуманизммен тоғыса отырып, адам болмысы мен мәдени формалардың техногендік кезеңде қалайша трансформацияға ұшырайтынын зерделейді. Ал постгуманизм болса, адамнан тыс агенттердің (машиналар, деректер, алгоритмдер) агенттікке ие болуын философиялық негізде қайта пайымдайды [2]. Осы арқылы мәдениет бұрынғыдай тек антропоцентристік шеңберде емес, кеңейтілген, көбейтілген, трансгуманистік кеңістікте қарастырыла бастайды. Сондай-ақ

классикалық антропология адамды мәдени кодтардың таратушысы және өндірушісі ретінде сипаттай келсе, бүгінгі цифрлық дәуір бұл түсінікті мүлде басқа арнаға бұрып отыр.

Бұл зерттеу жұмысының басты мақсаты – **қазақ мәдениетінің метаэволюциялық құрылымын** заманауи **цифрлық антропология, постгуманистік онтология** және **техносемиотика** шеңберінде теориялық-концептуалдық деңгейде пайымдау. Қазақ мәдениетінің дамуы қазіргі әлемдік трансформациялар аясында тек дәстүр мен модерн арасындағы қарапайым дихотомия шеңберінде емес, **трансубъектілік, постантропоцентрлік, және цифрлық-рухани агенттік** ұғымдары арқылы қайта ұғынылуы тиіс. Яғни мақсат мәдени болмысты **тек өткеннің мирасқоры** ретінде емес, сонымен қатар **технологиялық, семиотикалық және онтологиялық тұрғыда мутацияға ұшырап жатқан тірі метажүйе** ретінде тануға негізделеді. Осы орайда, қазақ мәдениетінің символдық кодтары, ритуалдық құрылымдары, және танымдық репертуарлары **виртуалды кеңістіктегі сакралдылық, алгоритмдік мәдениет, және цифрлық мифопоэзис** жағдайында қалай қайта құрылатыны анықталады.

Постантропоцентризм дегеніміз не? Қазіргі заманғы философиялық, мәдени және эпистемологиялық кеңістікте постантропоцентризм ұғымы – модерндік антропоцентризмнің тарихи дағдарысына және онтологиялық билік құрылымдарына қарсы бағытталған күрделі рефлексиялық қозғалыстың нәтижесі ретінде пайымдалады. Бұл ұғым өзінің мәні мен мақсаты тұрғысынан адамды болмыстың жалғыз және шексіз мағыналық субъектісі ретінде қабылдаудан бас тартып, оның орнына адамнан тыс агенттер - жануарлар, өсімдіктер, экожүйелер, техносфералық құрылымдар, алгоритмдер мен жасанды интеллект сияқты әрекетшіл болмыстардың онтологиялық, этикалық және эпистемологиялық маңызын мойындауды көздейді [2].

Бұл көзқарас әлемді көп агенттік, гибриді, желілік және өзара тәуелді жүйе ретінде қарастыратын онтологияаралық бағыт (*inter-ontological orientation*) болып табылады [3]. Постантропоцентризм шеңберінде болмыс тек адамнан туындамайды; керісінше, адам да әлемдік агенттік желінің бір түйіні ретінде қарастырылады. Сондай-ақ постантропоцентризм – қайта өрлеу дәуірінен бастау алатын антропоцентрлік метафизиканың терең сынға алынуы нәтижесінде туындаған. Бұл метафизикада адам – абсолютті субъект, ал табиғат – мәнсіз объект ретінде қарастырылған. Мұндай көзқарасты Декарттың (1641) «*res cogitans / res extensa*» дуализмі, Канттың (1781) трансценденталды субъектісі [4] және Гегельдің (1807) абсолютті идеясы философиялық тұрғыда бекіткен. Ал XX ғасырдан бастап, ғылыми-технократиялық рационализм мен экологиялық дағдарыстар аясында адамзаттың гегемон субъект ретіндегі орнына күмән келтірілді. Бұл сыни парадигманы постструктуралистік философиялар, экофеминизм, жаңа материализм, және постгуманизм дамытты. Мысалы, Фуко субъектіні билік пен дискурс өнімдері ретінде қарастырса [5], Делез болмысты флюидтік процестер мен ағындардан құралған желі ретінде сипаттады [6]. Ал агенттік ұғымының кеңеюі дегеніміз постантропоцентризмнің өзекті теориялық жаңалығының бірі – агенттік ұғымының метаонтологиялық кеңеюі. Классикалық антропоцентризмде агенттік тек адам болмысына тән деп қабылданса, постантропоцентрлік парадигма бұл шектеулі көзқарасты түбегейлі қайта пайымдайды. Енді әрекет ету, себеп болу, трансформация жасау мүмкіндігі адамнан тыс болмыстарға да тән деп қарастырылады.

Бұл ойды Бруно Латур өзінің *Actor-Network Theory* (ANT) тұжырымдамасында жүйелі дамытады. Оның пайымынша, қоғам тек адамдардан құралмайды, ол адам және адамнан тыс агенттердің (машиналар, құжаттар, табиғи процестер, технологиялар) симметриялы өзара әрекеті нәтижесінде қалыптасады. ANT теориясы болмысты иерархиялық емес, желілік және көп модальды агенттікке негізделген жүйе ретінде ұсынады [3].

Постантропоцентризм контекстіндегі негізгі агенттік формалар:

- Жануарлар – когнитивтік және моральдық әрекетке қабілетті тіршілік иелері. Постантропоцентрлік көзқараста жануарлар инстинкт деңгейінде әрекет етуші тірі механизмдер емес, керісінше, белгілі бір когнитивтік және моральдық сапаларға ие агенттер ретінде қарастырылады. Этология мен зоопсихология саласындағы зерттеулер жануарлардың күрделі когнитивтік мінез-құлыққа қабілетті екенін дәлелдеді. Мысалы, приматтар әділетсіздікті қабылдамай наразылық білдіруі – моральдық сезімнің бастауы ретінде қарастырылады.

- Экожүйелер – тіршілікті ұстап тұратын өзін-өзі ұйымдастыратын құрылымдар. Экожүйелер постантропоцентрлік онтологияда инертті табиғи фон емес, өзін-өзі реттейтін тірі агенттік жүйелер ретінде сипатталады. Бұл көзқарас Джеймс Лавлок пен Линн Маргулистің Гайя теориясынан бастау алады. Олар Жерді - тіршілікке қолайлы болуға бейімделетін, өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе ретінде ұсынды. Мұндай жүйелер адамзаттың экологиялық ықпалымен өзара әрекетке түсіп, этикалық және саяси агент ретінде мойындалуы тиіс.

- Алгоритмдер мен жасанды интеллект – дербес шешім қабылдайтын Техноагенттер. Цифрлық технологиялар дәуірінде алгоритмдер мен жасанды интеллект (ЖИ) - енді тек құрал емес, автономды шешім қабылдай алатын техноагенттерге айналды. Олар ақпаратты өңдеп, таңдаулар жасап, салдарға ие әрекеттерді жүзеге асырады. Бұл агенттік классикалық субъектілік шекараларды бұзып, постгумандық болмыс формасының біріне айналдырады. Сондықтан постантропоцентризмде алгоритмдер мен ЖИ этикалық жауапкершілік шеңберіне енеді [7].

- Климат пен вирустар – макроагенттік трансформацияны жүзеге асыратын бейсана құрылымдар. Климаттық жүйелер мен вирустар адамзаттың ниетінен тыс әрекет ететін, бірақ соған қарамастан жаһандық трансформацияны жүзеге асыратын макроагенттер ретінде қарастырылады. Олар онтологиялық жағынан бейсана болса да, мәдениет пен саясатқа шешуші әсер етеді. Мысалы, COVID-19 пандемиясы экономиканы, әлеуметтік құрылымдарды және күнделікті өмірді түбегейлі өзгертті. Тимоти Мортон осындай болмыстарды гиперобъектілер деп атады. Климат, вирустар, техносфера – бәрі адамнан тыс макроагенттік жүйелер ретінде этикалық рефлексия мен саяси стратегияларға әсер етеді.

- **Агенттік ұғымының реляционды кеңеюі.** Постантропоцентризмде агенттік ұғымы – тек автономды ерікке немесе рационалдық санаға негізделген адамдық ерекшеліктермен шектелмейді. Керісінше, ол **реляционды онтологияға** сүйенеді, яғни әрекет ету салдары, әсер ету әлеуеті және өзара қатынас орнату мүмкіндігіне негізделген көп агенттік жүйелердің өзара әрекетіне құрылымдалады. Бұл тәсіл дәстүрлі субъект–объект иерархиясын ыдыратып, болмысты өзара байланысқан, контингенттік және динамикалық желілік процестердің жиынтығы ретінде көреді.

Мұндай реляционды агенттік моделі адам болмысының шекарасын кеңейтіп қана қоймайды, сонымен қатар **жауапкершілік, этика және танымның** өзін қайта құрылымдауға итермелейді. Бұл процесті Роза Брайдотти (2013) постантропоцентрлік “этикалық кеңістік” деп атап, адамның “әлеммен бірге өмір сүру” формасына өтуі деп түсіндіреді. Басқаша айтқанда, агенттік - бұл биліктік үстемдікті емес, **онтологиялық** біртұтастықты білдіретін құрылым. Сәйкесінше, постантропоцентризм - тек метафизикалық модель ғана емес, **онтологиялық-этикалық революцияның** жобасы. Ол болмысты тек адамдық мақсатқа қызмет ететін ресурс емес, өзара тану мен рефлексияға қабілетті ко-агенттер жүйесі ретінде қабылдайды [3]. Бұл тұжырым экологиялық философия мен жаңа материализмнің де іргетасы болып саналады.

Гибридтік болмыс пен транссубъектілік категориялары арқылы дәстүрлі және цифрлық мәдени шекаралардың метафизикалық және семиотикалық сипаттамасын жасау енді маңызды. Бұл міндет қазақ мәдениетіндегі тұлға мен кеңістік арасындағы қатынастарды онто-когнитивтік гибридік жүйе ретінде зерделеуді көздейді. Гибридтік болмыс – адамның тек биологиялық немесе мәдени емес, сонымен қатар алгоритмдік, цифрлық және медиаланған болмыс екендігін алға тартады. Транссубъектілік арқылы қазақ мәдениетіндегі жеке мен ұжымдық болмыстың, адам мен технологияның, болмыс пен кодтың арасындағы шекаралар қайта қарастырылады [8].

Қазақ мәдениетінің рухани архетиптері мен заманауи цифрлық агенттік формалары арасындағы өзара әрекет пен сабақтастықты философиялық және антропологиялық тұрғыдан интерпретациялау метафилософияда алға шығады. Мұнда Ясауи феномені, аруақ культі, киелі кеңістік, т.б. архетиптік құрылымдар цифрлық платформадағы репрезентацияларын қалай қайта туындатып жатқанын, және олардың сандық агенттік арқылы қалай қызмет ететінін түсіндіру көзделеді. Бұл – киелі мен технологиялықтың түйісу нүктесін көрсететін міндет.

Цифрлық мифология, алгоритмдік символизм және техносакралдық феномендер арқылы жаңа мәдени өрістер мен ритуалды репрезентацияларды ашып көрсету туралы да айту керек. Қазақ мәдениетінің дәстүрлі мифологиялық қабаттары бүгінде цифрлық ритуалдар, виртуалды рәсімдер, және геймификацияланған символдар арқылы жаңа өмір сүру формасына көшкен. Бұл мағынада техномифология мен киберсакралдылық ұғымдары қазақтық санадағы кодтардың жаңа деңгейін сипаттауға қызмет етеді.

- Қазақ мәдениетінің мультиуақыттық (polychronic) сипатын және оның метакеңістікпен байланысын зерделеу арқылы онтологиялық-уақыттық қабаттарын құрылымдау: осында уақыттың тек сызықтық емес, циклдік, сакралды және виртуалды деңгейлерде ұғынылуын зерттеу арқылы қазақ болмысының полиуақыттық матрицасы ұсынылады. Бұл кеңістік тек географиялық емес, онтохронологиялық деңгейде көп қабатты құрылым ретінде көрсетіледі. Мәдени биокодтар, нейроагенттік және эмоционалды когницияның цифрлық формаларын талдау арқылы қазақ болмысының жаңа техноантропологиялық модельдерін ұсыну да ерекше болып табылады. Қазақ мәдениетінің генетикалық жад, түйсік, интуиция және ұжымдық эмоция сияқты ішкі құрылымдары цифрлық коммуникация, нейроалгоритмдер және жасанды интеллекттік кодтар арқылы қалай трансформацияға ұшырайтыны пайымдалады. Бұл міндет мәдениетті нейроантропологиялық перспективамен ұғынуа жол ашады.

Этносинтез, метаэтика және экофутуризм парадигмалары негізінде болашаққа бағдарланған қолданбалы мәдени стратегияларды теориялық жағынан тұжырымдау бағытында қазақ мәдениетінің экожүйелік, синтетикалық және болашаққа бағдарланған трансформациясын жүзеге асыруға арналған қолданбалы парадигмалар түзіледі. Сондай-ақ, этносинтез – дәстүр мен технологияның үйлесімді симбиозы ретінде; метаэтика – постгуманистік мәдени-адамгершілік өлшем; ал экофутуризм – болашақ экологиялық мәдени сананың жобасы ретінде ұсынылады [3].

Адам енді тек рәміздермен емес, сонымен қатар кодтармен, алгоритмдермен, виртуалды модельдермен әрекет ететін агент ретінде бейнеленеді. Бұл – когнитивті-инфрақұрылымдық, техникалық және медиааралық кеңістікте өмір сүретін жаңа субъектілік форма – цифрлық агент. Яғни мәдени агенттік ұғымы тек адаммен шектелмейді. Ол енді деректер жиынтығының ішкі логикасында, алгоритмдердің әрекетінде, цифрлық медианың визуалды тілінде де өмір сүре алады. Жасанды интеллект, чат-боттар, блокчейндер мен AR/VR агенттер мәдени тәжірибе өндіруші субстанциялар ретінде қарастырыла бастады [9].

Мұндай шеңберде адам – жалғыз емес, цифрлық кеңістіктегі көптеген басқа агенттермен бірлесе әрекет ететін біріктірілген субъект. Сонымен қатар цифрлық трансформация жағдайында мәдениет ұғымының өзі күрделі мутацияға ұшырап отыр. Бұрынғыдай мәдениет – белгілі бір қауымдастықтың символдық жүйесі немесе салт-дәстүрінің жиынтығы ретінде ғана емес, енді ол - ақпараттық кеңістікте өмір сүретін, өзін өзі кодтайтын, жаңғыртатын және трансформациялайтын алгоритмдік тіршілік формасы ретінде қарастырылады. TikTok-тың қысқа бейнелері, Instagram-дағы визуалды мифология, метаверс кеңістіктегі цифрлық ритуалдар, блокчейнде сақталған ұлттық шежірелер - бұлар жаңа мәдени тіршіліктің шынайы формалары. Яғни, мәдениет енді «репрезентация» емес, әрекет етуші, жауап қатушы, реактивті агент. Осы метаморфоз аясында қазақ мәдениеті де жаңа онтологиялық мәртебеге ие болуда. Ол тек этнографиялық зерттеудің нысаны ғана емес, сонымен қатар деректерге негізделген рухани код, нейросемиотикалық агент, постантропоцентрлік кеңістіктегі тірі құрылым ретінде қайта пайымдалуы тиіс. Бұл әдіс қазақ мәдениетін болашақ цифрлық қоғамда өміршең ете отырып, оның когнитивтік және рухани тұрақтылығын қамтамасыз етудің жаңа жолдарын ұсынады.

Қазақ мәдениеті көп жағдайда этнографиялық мұра және фольклорлық контент арқылы сипатталып келгені белгілі. Бұл көзқарас көбіне өткенге бағытталып, мәдениетті мұрағаттық сипатта пайымдаумен шектеледі. Алайда XXI ғасырда орын алған цифрлық және постгуманистік парадигмалардың ықпалымен мәдениетке деген мұндай моностатикалық көзқарас жеткіліксіз болып қалды [10].

Бүгінгі мәдениет – динамикалық, өзін-өзі жаңғыртатын және цифрлық ортада агенттікке ие бола алатын тірі жүйе ретінде қарастырылуы қажет. Сонымен қатар қазақ мәдениетінің де эволюциясы осындай трансформациялық бағытта жүріп жатыр. Оның мифтік құрылымдары, фольклорлық формалары мен ритуалдық тәжірибелері тек мәтін немесе дыбыстық естелік ретінде ғана емес, виртуалды агенттермен әрекеттесетін, жасанды интеллектпен жаңғыратын, алгоритмдік жүйелерде тіршілік ететін семиотикалық тіршілік формаларына айналуға бастады. Басқаша айтқанда, қазақ мәдениетінің дәстүрлі құрылымдары цифрлық кеңістікте өзін метаантропологиялық тірі агент ретінде қайта кодтап жатыр. Бұл үрдіс қазақ халқының мәдени жадында шежіре – тек ата-бабалар тізбегі ғана емес, дүниетанымдық құрылымның іргетасы. Бұл жад белгілі бір ритуалдық тіл мен сакралды кодтар арқылы ұрпақтан ұрпаққа беріледі. Алайда қазіргі цифрлық қоғамда бұл құрылымдар да жаңа формада тіршілік ете бастады: генеалогиялық мәліметтер big data форматында сақталып, жасанды интеллект көмегімен визуализацияланып, блокчейн платформаларында қорғалып жатыр. Сонымен қатар, сакралды кеңістіктердің репрезентациясы да өзгерді. Бұрынғы киелі орынды енді метаверс форматында цифрлық реконструкциялау арқылы көрсету мүмкіндігі туды. Бақсылық кодтар, зікірлік құрылымдар, архетиптік образдар – бүгінде нейроинтерфейс технологиялары арқылы когнитивтік практикаға айналуға.

Бұл үдеріс “кибер-Тәңірлік” деп сипатталатын феноменнің негізін қалайды: дәстүрлі Тәңірлік ұғым енді виртуалды агенттер мен символдар арқылы цифрлық сана кеңістігінде қайта туындауда. Сондай-ақ қазақ болмысы – тек этнос, тіл немесе фольклор арқылы анықталатын мәдени болмыс қана емес. Ол – кеңістікпен, уақытпен, табиғатпен және сакралдылықпен күрделі қатынаста өмір сүретін рухани-онтикалық жүйе [11]. Цифрлық заманда бұл болмыс жаңа репрезентациялық формаларға ие болып отыр: виртуалды ордалар, 3D реконструкцияланған эпикалық кеңістіктер, жасанды интеллект негізіндегі поэтикалық генерациялар – мұның бәрі қазіргі қазақ мәдениетін өзге кеңістікте қайта танып, тұжырымдауға мүмкіндік береді. Осы репрезентациялар постантропоцентрлік мәдени жүйелерге енуге жол ашады. Мұндағы басты идея – адам тек орталық болмыс емес, мәдени-рухани процестің бір элементі ғана. Номадтар мәдениетінде бұл идея ежелгі шамандық дүниетаным мен Тәңірлік жүйелер арқылы ертерек байқалған [12]. Енді сол архетиптік негіздер цифрлық сана кеңістігінде жаңа өмірге ие болып, алгоритмдік жүйелерде қызмет атқара алатын семиотикалық кодтарға айналуға.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ғабитов Т., Сулейменов П. Болмыс стратегиялары. – Алматы:Қазақ университеті, 2025.–268 б.
- 2 Ержанов Е.Д., Ғабитов Т.Х. Постантропоцентризм және цифрлық онтология. – Алматы: Дарын, 2025. – 445 б.
- 3 Latour, B. (2005). Reassembling the Social: An Introduction to Actor-Network-Theory. Oxford: Oxford University Press. – 1-10 p.
- 4 Kant, I. (1781). Critique of Pure Reason (Kritik der reinen Vernunft). Riga: Johann Friedrich Hartknoch. – 324 p.
- 5 Foucault, M. (1988). Technologies of the Self: A Seminar with Michel Foucault (L. H. Martin, H. Gutman, & P. H. Hutton, Eds.). University of Massachusetts Press. – 1-10 p.
- 6 Deleuze, G., & Guattari, F. (1980). Mille Plateaux. Paris: Les Éditions de Minuit. – 39 p.
- 7 Gunkel, D. J. (2012). The Machine Question: Critical Perspectives on AI, Robots, and Ethics. Cambridge: MIT Press. – 1-10 p.
- 8 Сабитов З. (2012). Қазақтың мәдени коды. - Алматы: ҚазҰУ. – 265 б.;
- 9 Сабитов З. (2023). Цифрлық мифология және ұжымдық бейсана: Қазақ мәдениетінің цифрлық архетиптері. - Алматы: ҚазҰУ баспасы. - 329 б.
- 10 Manovich, L. (2013). Software Takes Command. -Bloomsbury. – 111-119 p.
- 11 Zharmukhamedov, A. (2019). The Sacred Landscape in Kazakh Traditional Culture. Astana: Gumilyov Eurasian National University Press. - 272 p.; Касымбекова, Р. (2014). Сакральное и социальное в памятниках Центральной Азии. – Астана, Central Asian Survey, 33(4), 445–459 с.; Халидова, Д. (2018). Көшпелі ритуалдардың мәдени-онтологиялық мәні. - Алматы: Ұлттық мұралар орталығы. – 297 б.
- 12 Eliade, M. (1964). Shamanism: Archaic Techniques of Ecstasy (W. R. Trask, Trans.). Princeton: Princeton University Press. – 1-10 p.

ӘОЖ: 123.1

ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ РУХАНИ БАҒЫТСЫЗДЫҚ: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ АДАМ ТАҒДЫРЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Дағарова Ж.Ө.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, философия және мәдениет теориясы кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды, Қазақстан.

e-mail: janka_04@mail.ru

Цифрландыру үдерісі Қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени құрылымына терең ықпалын тигізуде. Ақпараттық технологиялар, әлеуметтік желілер, алгоритмдік басқару жүйелері адамның өзіндік санасына, құндылықтық бағдарларына және тағдыр туралы түсінігіне де әсерін тигізіп жатыр. Рухани бағытсыздық құбылысы – өмірлік мағынаның көмескіленуі, мәдени тамырлардан алыстау, тұлғалық жауапкершіліктің әлсіреуі қазіргі цифрлық әлемде айқын байқалуда. Осы тұрғыдан адам тағдыры мәселесі жаңа философиялық талдауды талап етіп отыр.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық дәуір жағдайында Қазақстан қоғамындағы рухани бағытсыздықтың адам тағдыры түсінігінің трансформациясына әсерін философиялық тұрғыдан талдау.

Зерттеудің міндеттері – рухани бағытсыздық ұғымын философиялық тұрғыдан анықтау; дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы тағдыр түсінігін сипаттау; цифрландырудың тұлғаның бірегейлігіне ықпалын талдау.

Зерттеудің объектісі – Қазақстан қоғамындағы рухани және мәдени өзгерістер.

Зерттеудің пәні – цифрлық қоғам жағдайындағы адам тағдырының философиялық интерпретациясы.

Зерттеудегі негізгі идея – цифрлық дәуірде адам тағдыры дәстүрлі метафизикалық түсініктен алгоритмдік және әлеуметтік-конструктілік модельге ауысуда. Бұл үрдіс болса Қазақстан қоғамында рухани бағытсыздықтың тереңдеуіне әкелетінін көрсету.

Рухани бағытсыздық — бұл адамның ішкі құндылықтар жүйесінің бұзылуы, өмірлік мақсаттары мен имандылық ұстанымдарынан айырылуы, яғни бұл ұғымның сипатына құндылықтар дағдарысын, мақсатсыздықты, тұлғалық құлдырау, жат ағымның ықпалын еріп кетушілік жатады. Рухани бағытсыздық көбінесе ұлттық тәрбиеден, салт дәстүр мен рухани білімнен қол үзгенде пайда